

**Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 650 "2013 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 02 сәуірдегі № 177 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 сәуірде № 2243 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың» Ережесіне сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 650 «2013 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысына ( нормативтік - құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2187 болып тіркелген, 2013 жылғы 2 қаңтардағы «Жаңаөзен» газетінің № 1(1604) санында жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген қосымшада:

«жіберілген жұмыстардың саны (адам)» деген бағанында:

реттік нөмірі 1 жолда «13» деген сан «15» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 3 жолда «3» деген сан «5» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 8 жолда «6» деген сан «10» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 10 жолда «2» деген сан «5» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 12 жолда «43» деген сан «53» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 22 жолда «1» деген сан «2» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 29 жолда «38» деген сан «22» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 30 жолда «2» деген сан «3» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 69 жолда «18» деген сан «23» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 70 жолда «26» деген сан «31» деген санымен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 79 жолда «6» деген сан «8» деген санымен ауыстырылсын;  
«Барлығы» жолында «610» деген сан «651» деген санымен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 23 жол алынып алынып тасталсын;  
 келесі мазмұндағы 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86 - реттік нөмірлі келесі жолдармен  
 ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

«

80	Ақтау қаласындағы «Альянс Банкі» акционерлік қоғамының филиалы	3	1,5	12 айға дейін	Айына 300 құжаттарды жинау және тіркеу, мұрағатқа тапсыру	Маманның көмекшісі	Жергілікті бюджет
81	«Жаңаөзен қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жаңаөзен қалалық ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	1	1,5	12 айға дейін	Айына 150 құжаттарды жинау және тіркеу	Шабарман	Жергілікті бюджет
82	Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша басқармасы	1	1,5	12 айға дейін	Айына 150 құжаттарды жинау және тіркеу, мұрағатқа тапсыру	Шабарман	Жергілікті бюджет
83	«Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	1	1,5	12 айға дейін	Айына 300 құжаттарды жинау және тіркеу, мұрағатқа тапсыру	Маманның көмекшісі	Жергілікті бюджет
84	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекциясы комитетінің Жаңаөзен қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі	1	1,5	12 айға дейін	Айына 150 құжаттарды жинау және тіркеу, мұрағатқа тапсыру	Шабарман	Жергілікті бюджет
85	«Жаңаөзен қаласы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қадағалау басқармасы» мемлекеттік мекемесі	5	1,5	12 айға дейін	Айына 150 құжаттарды жеткізу, 1000 ш.м дейін аумақты және 500 ш.м дейін жайларды тазарту және тіркеу, мұрағатқа тапсыру	Шабарман, аула сыпырушы, еден жуушы	Жергілікті бюджет

86	Жаңаөзен қаласы әкімдігінің «Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	30	2,0	12 айға дейін	Адам басына 2000 ш.м дейін аумақты тазарту	Жұмысшы	Жергілікті бюджет
----	---	----	-----	---------------	--	---------	-------------------

».

2. «Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны интернет - ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары И. Сағынбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Трұмов*

К Е Л І С І Л Д І :

«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Б . Э . Маркашова  
02 сәуір 2013 ж .

«Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Р . К . Жантлеуова  
02 сәуір 2013 ж .

«Жаңаөзен қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Н . Б . Ғұмарова  
02 сәуір 2013 ж .